

КОМДИВТІҢ АЛМАТЫҒА КЕЛУІ

Панфилов дивизиясының құрылуына жол ашты

«Жаман деп жүргенімізді жақсы
деуге батылымыз жеткен күні
біздің өмірімізде ұлы кезеңдер
басталады».
Ф. Ницше.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

Бақыт қуанышына шаттық қақпасы арқылы кірген қайғы есігінен шығады немесе ол керісінше орын алып жатады. Кейде дабыра-даңқойлықпен басталған іс сәтсіздікпен аяқталады. Соңғы уақытта Ресей тарихшылары Мәскеу түбінде болған 28 Панфиловшылардың ерлік істерін жоққа шығарып оны жоғары ставка жауынгерлердің патриоттық рухын көтеру үшін әдейі ойлап тапты дегенді айтып жүр. Қазір ол туралы сол тұстағы ескі тарих қайта түзетіліп жазылуда. Ол туралы алда жеке әңгімелейтін боламыз. Бүгін біз Панфилов дивизиясының құрылуы туралы әңгімелекпіз.

Қазақстан астанасы Алматыда жасақталған генерал И.В.Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы бірнеше ұлттың жауынгерлерінен жасақталды. Отан соғысының ең шешуші кезінде Мәскеуді жау әскерінен қорғап қалуда қазақстандық жауынгерлер жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсетті. Бүгінде 28 панфиловшылардың ерлігіне күмәнмен қараушылардың қатары әлі де сейілмей тұрғанда біз атышулы дивизияның қалай құрылғаны туралы айта кетуді жөн көрдік.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен жер-жерлерде тұрақты әскерге шақырылу күні-түні жүргізілді. Осындай күндердің бірінде Алматыға Қырғыз ССР-інің әскери комиссары Иван Васильевич Панфилов келіп, Қазақстан Компартиясы (большевиктік) Орталық

комитетінің бюро мүшелерімен кездесіп, қалыптасқан жағдайдың аса ауыр екенін түсіндірді.

—Дивизия құруға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Әрине, ондағы басты мәселе адам факторы. Сондықтан, дивизия құрамына сыннан өткен адал коммунистер мен жалынды комсомолдардың көп болғанын қалаймын. Комиссар соңғы сөзіне екпін түсіріп айтты да, жан-жағын бір шолып өтіп:

—Мен өте сараң адаммын, көптеп берсеңіздер, қарсылық білдірмеймін, қатарымызға бәрін аламын, — деді. Ол осы сөздерімен-ақ, Орталық комитет бірінші хатшысының бөлмесіне жиналған бюро мүшелерінің назарын өзіне аударды.

Бюро мүшелері комиссарға қолдау білдіріп, Қазақстанның дивизия сапына ең таңдаулы 500-дей коммунистін беретінін білдірді. Жаңадан жасақталатын әскери құрамаға Алматы облысы және Алматы қаласы партия ұйымы өз қатарларынан ең белсенді деген 300-ге жуық коммунистін беретін болды.

Генерал Қазақстан коммунистерінің қолдауына өз ризашылығын білдіре келе, бюро мүшелерінен жаңадан құрылатын дивизияның әскери бөлімдерін орналастыру, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ, олардың көңіл-күйін көтеруде мәдени ойын-сауық қызметін ұйымдастыруды назарға алуды ұмытпауларын өтінді. Бұл жолы генерал салмақты ойдың шылауына арбалып: — Жауынгерлер үшін әуезді ән — ұлы іс. Мүмкін, ол, біреулер үшін ең соңғы ән болуы да мүмкін, — деді ауыр күрсініп.

Комиссар осы сөздерді айтқанда, күні ертең оқ пен оттың ортасына өзі бастап шығатын әрбір жауынгердің тағдыр-талайына тереңнен қарайтынын, олардың өз Отандарын сүйетіндерін, сондықтан, оларға осынау ең бір шешуші сәтте психологиялық тұрғыда қолдау білдірудің жолдарын іздегені хақ еді.

— Соғыс ешқашан ешкімді аяған емес. Алайда, кім болса да, өзге елге күшпен иелік еткісі келсе, ол ешқашан мақсатына жете алмайтынын айтқан комиссар Орталық комитет бюро мүшелеріне жылы қабылдаулары мен мәселеге өте жауапкершілікпен қарағандары үшін алғыс білдірді. Сөзінің соңында: «Дивизия қолбасшылығы және жеке өзім, Сіздерге, партия мен үкіметтің бізге көрсеткен сенімін ақтаймыз, деп мәлім етемін», — деп ант берді.

Дивизия құрылып, толық әскери дайындыққа сай келтіргенде ғана «316-шы атқыштар» деген атақ берілді. Әскери бөлімнің әрбір саласының толыққанды қалыптасуына Орталық комитеттің бюро мүшелері жауапты болды. Бюро мүшелері өздеріне бекітіліп берілген әскери бөлімдерде күндіз-түні кезекшілік жасап, оқу-дайындық сабақтарына, әскери, саяси дайындық оқуларына қатыстырылды. Комдив жауынгерлерді Суворовтың: «Жаттығу да қиын болса, ұрыста жеңіл болады» деген принциппен командирлер мен саяси қызметкерлерден жауынгерлерді соғыс өнеріне дайындау кезінде өздерін де, уақыттарын да аямауды талап етті. Дивизия командирінің бұл талабы кейін ұрыс даласында өз нәтижесін берді. Ауыр зеңбірекпен ату кезіндегі дайындыққа басшылық жасаған полковник Курганов қазақ жауынгерлерінің дайындық кезеңіндегі әбжіл, сұр мергендіктеріне тәнті болып, мұндай жауынгерлермен жеңілу мүмкін еместігін айтуы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетін де қанағаттандырған.

Фрунзе аудандық әскери комиссариаты бұрынғы Верный қамалының аумағында орналасқан. 316-шы атқыштар дивизиясы құрылғанда таңның атысы мен кештің батысына дейін бұл жерден адам қарасы арылмаған. Әскерге шақыру кезінде әрбір шақыру бөлімінде Орталық комитеттің нұсқауымен аудандық партия комитетінің хатшылары кезекшілік жасау тәртібі енгізілген. Дивизия штабы Фрунзе ауданының Чернышевский атындағы №19 орта мектебіне орналасқан. Генерал Панфилов әрбір жұмыс күнінің бастауын осы Верный қамалынан бастауды дәстүрге айналдырған көрінеді.

Ол күндері әскерге шақырушылар көп болғанымен, оларға деген талғам мен талаптың сұранысын да өте қатаң тәртіппен жүргізілді. Әскерге шақырылудан кейінге қалдырылғандар өз қалауларымен дивизия командиріне дейін жол тауып жатты. Жүрек қалауымен және өздерінің ерік-жігерімен майдан даласына сұранушыларға Панфилов түсінушілікпен қарап, әскер қатарына алынуларына қолдау білдірді. Комиссар дивизияны толық жасақтап, Мәскеуге жолға шығар алдында ерекше толғаныспен: «Дивизия құрамына біз қандай қайсар адамдарды қабылдадық. Мұндай күшпен біз Гитлердің мүйізін сырқыратамыз. Міндетті түрде! Баршаңызға

алғыс білдіремін. Бұл оның Алматымен қоштасу кезіндегі соңғы сөзі болған.

1941 жылы 12 шілде де Алматыда Орта Азия әскери округы қолбасшысының бұйрығымен генерал-майор И.В.Панфиловтың басқаруымен 316 атқыштар дивизиясының құрылғандығы туралы бұйрығы шықты. Дивизия негізінен қазақстандық әскерге шақырушылар мен бірге Қазақстан, Қырғызстан, Алтай өлкесінен шақырылған кәсіби мамандардан жасақталды. Оның құрамында 30-ға жуық ұлттың өкілдері болды.

1941 жылы жаз айында Қазақстан Компартиясы орталық комитеті мен Республика Үкіметінің басшыларының қатысуымен Алматы қалалық, облыстық партия ұйымы, қоғамдық ұйымдық өкілдері 316-ші атқыштар дивизиясын салтанаты түрде майданға шығарып салды. Бұл – Қазақстанда құрылған тұңғыш әскери құрама еді. Арада екі ай өткенде дивизия Мәскеу түбінде жаумен бетпе-бет айқасқа түсті. Неміс басқыншыларымен болған алғашқы айқастан кейін-ақ, 316-шы атқыштар дивизиясы Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. Дивизия жауынгерлерінің соғыс жағдайына дайындығы, олардың оқ пен оттың ортасында өздерін қорғай білетіндігі алғашқы кезден-ақ көрінген. Осыдан кейін майданға резервте тұрған жауынгерлерден әскери бөлімдер мен құрамалар жасақтау кезінде Панфилов дивизиясының тактика-техникалық іс-қимылдарын тәжірибе ретінде басшылыққа алу күн тәртібіне енгізіледі. Соғыстың алғашқы ұрысынан кейінгі күні жедел түрде Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысымен бүкіл ел бойынша еңбекшілерді жаппай соғыс жағайына оқыту және дайындау тәртібі қолға алынады.

1941 жыл күзге салым осы мақсатта бірнеше батальонда жаппай әскери оқыту алаңдары ашылып, онда Алматы қаласындағы барша кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері мен жұмысшылары алғашқы әскери дайындықтардан өткізілді. Жаппай әскери дайындық оқуларының барысы аудандық партия комитетінің бюросында ай сайын қаралып отырды.

Инспекторлық тексеру қорытындысы бойынша алматылық резервистер оқу-жаттығу кезінде ауыр танкілерге қарсы ату қаруларын ерекше меңгерумен көзге түсті. Ал атқыштар ротасы

Ауыспалы Қызыл Тумен марапатталды. Оқу-жаттығу кезінде мергендігімен көзге түскен қыздар соғыс кезінде де өте батыл мергендіктерімен көзге ілікті. Солардың бірі, тау шаңғысынан республика жеңімпазы Анна Ягодка еді. Алматыдағы оқу-жаттығу алаңында шындалған Анна кейін Мәскеудегі әйелдерден құралған мергендер мектебінде оқып, кейін осында нұсқаушы болып қалдырылды. Өзі шешуші шайқастарға қатыспаса да майданда оның үш бірдей бауыры – Алексей, Иван және Михаил ерлікпен қаза тапты.

Аннаның Алматыда бір батальонда әскери оқу-жаттығудан өткен және Мәскеуде мергендер мектебінде бірге оқыған құрбысы, Алматы кондитер фабрикасының қызметкері Зинаида Андрианова сіңлісі Еленамен бір майданда соғысты.

Зинаида Андрианова өзінің арнаулы №413 мерген винтовкасымен Беларусь, Литва және Латвия елдерін азат етуге қатысып, соғысты Қиыр Шығыста аяқтады. Соғыстан кейін ол Алматыда Қазақ ССР ғылым академиясының Органикалық катализ және электрохимия институтында қызмет істеді.

Алматыда 316-шы атқыштар дивизиясы жаңадан құрылып жатқанда алғашқылардың бірі болып, оның қатарына кіруге коммунист Мәлік Ғабдуллин арыз берген. Ол туралы Борис Полевойдың «Казахстанская правда» газетінің 8 мамырдағы санында «Эпостың оянуы» атты көркем очеркі шықты.

Мәлік Ғабдуллиннің өз взводымен үш күн, үш түн арып-ашып, елсіз орман ішінен шашаусыз аман шыққанына таңқалған дивизия командирі Иван Панфилов Мәлікті өзіне шақырып, оның ерлік-ісіне риза болғаны соншалық: «Жарайсың, ғалымым! Сенен өте жақсы жауынгер шығады», – деп жауырынан қапсыра құшақтап, үш мәрте бетінен сүйіпті.

Панфилов дивизиясында жазушы Дмитрий Снегин, Жамбылдың аудармашысы Павел Кузнецов та соғысқан. Дубосеково разъезінде болған шайқаста айрықша батырлығымен көзге түскен батырымыз Иван Щепетков туралы көп жазыла қойған жоқ. Осы бір ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгер-жерлесіміз соғысқа дейін Қазақ Мемлекеттік филармониясында әртіс болғаны да айтылмай қалды.

Мәскеу түбіндегі өлім мен өмір арпалысында жауынгерлерге өлмес рух беріп «Артымызда Москва, шегінерге жер жоқ!» деп жалынды ұран тастаған саяси жетекші Клочковтың атын білсек те, оның өмір-тарихынан хабарымыз аз болып шықты.

Алматы қалалық қоғамдық тамақтандыру және асханалар мен мейрамханалар тресі директорының орынбасары Василий Клочков дивизия құрылған кезде алғашқылардың бірі болып әскерге шақырылады. Майданға 316-шы атқыштар дивизиясының 1075 полкіне саяси жетекші ретінде қабылданған. Саяси жетекшінің жары Нина Клочкова Алматыдағы жұқпалы аурулар ауруханасында мейірбике болып жарты ғасырға жуық қызмет етіп, еңбек үздігі ретінде Ленин орденімен марапатталған. Саяси жетекшінің соңында қалған жалғыз қызы Эльвира Клочкова Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында теориялық физикадан сабақ берген.

Аты аңызға айналған дивизия құрамында ерлік көрсеткен Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллин Кеңес одағының батырлары атанды.

PS. Өткен тарихқа көз ұзатқан кісі адамзатты бақытты болды деп айтпасы анық. Жер бетіндегі соғыстар, аштық, қиянат, зорлық-зомбылық әлі жалғасып келеді. Әлі күнге дейін адамзат қанша уақыт өтсе де алданып келеді. Демек, бізге ізгіліктің жеңісі керек!



Жазылған жайдың жаңғырығы

Дағпырт пен шындық
тірі қалған 28 панфиловшы батырлардың
өмірлері неге өксумен өтті?

*«Адамдар ең көп азапты қарапайым
ақиқатты елемегеннен шегеді»
Ф.НИЦШЕ.*

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

Уақыт бәрінің сырын ашады

Өмірдің мәні мен мағынасы қарапайым ақиқаттан тұрады. Бірақ, біздің сол ақиқатты түсінуге құлқымыз болған емес. Себебі, бойымыздағы ізгілік туралы түсінік ғимараты тас-талқан етіп жарылған. Ал өмірде ерлікке қашан да орын бар.

Кезінде Уинстон Черчилльден: «Сіз тарихты қалай түсінесіз», – деп сұрапты. Сонда ол: «Тарих – жалған, өйткені, оны тарихшылар жазады, ал нағыз тарих әріп арасында қалып қояды», – депті. Тіс арасында қалып қойған сондай тарихтың бірі – 28 Панфиловшылар туралы тарих. Дақпырт пен шындық шырмауында жүйкелеп қалған ескі тарихтың қоламтасын Ресей тарихшылары соңғы кезде тағы да бықсытып жүр. Өткен жылы «Российская газета» басылымында Ресей мемлекеттік мұрағатының басшысы Сергей

Мироненко 1941 жылы Мәскеу түбінде аты аңызға айналған 28 Панфиловшы батырлардың ерен ерлігі және саяси комиссар Клочковтың «Ресей – кең байтақ, бірақ, шегінерге жер жоқ, артымызда – Москва» деген қасиетті ұран сөзі ойдан шығарылған ертегі», – деп әлемге айқай салды. Бұл қазақстандық ардагерлердің ашу-ызасын тудырды.

Бір адамды ұзақ уақыт алдауға болады, ал көп адамды мәңгілік алдауға болмайды. Ежелгі грек ойшылы Фалес: «Бәрінен де күштісі уақыт, өйткені, ол бәрінің де сырын ашады», – депті.

Иә, бәрінің өз уақыты бар. Желіп бара жатқан уақытқа өздерінің асығыстығын білдірген сол тұстағы әскери билік қайшысының ұшында кеткен шындық енді ғана ашылу үстінде. Қисынсыздық қартайғанша өмір сүрмейді, оның ұзақ серуен құруы күдік туғызады, ал дәлелдің көптігі шүбә келтірмегені анық. Мұндайда тек шындық ғана ізгі. Өмір теориясында өтірік пен алдау соңынан шындықты ерте келеді. Сөйтіп, іргетасы өтіріктен қалағандықтан, ол міндетті түрде күйреп құлайды.


Панфиловшылар дивизиясы туралы құпия грипі бар құжаттар енді ашылуда. Ол туралы Ресей ғылым академиясы Ресей тарихы институтының ғылыми және ғалымдар диссертациялық кеңестерінің және РФ Қорғаныс министрлігінің Әскери тарихы институтының мүшесі, «Әскери-тарихи журнал» редакция алқасының мүшесі, академик Георгий Куманев жан-жақты ашып көрсетті.

28 панфиловшылардың Екінші дүниежүзілік соғыстағы ерлігі туралы тарих барлық мектеп оқулықтарына еніп, ол кеңес адамдарының санасына ерліктің үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа тасымалданып отырды. Саяси жетекші Клочковтың жоғарыдағы сөзі кітаптан кітапқа, көркем фильмнен - фильмдерге көшіп отырды.

Кейін белгілі болғанындай, бізге жеткен мәліметтер сол кездегі журналистердің ойдан құрастырған аңызына сайды. Бүгінгі күні тарихшылар 1941 жылы 16 қарашада Дубосекова разъезінде болған ұрыстың шындығын жазуда оларды қаралау үшін емес, ол туралы әділетті орнату мақсатын алға тартып отыр. Оның себебі, жоғарыда айтқанымыздай өсек-аяңнан арылу.

Жалпы, оқиғаның шындығын 1948 жылы аты аңызға айналған сол сұрапыл соғыстың ортасында болып, азап шеккен Иван Добрабабинге болған сот ісінен кейін, ақ жағалы бірнеше адам ғана білетін еді. Әскери сот сол жолы тірі қалған панфиловшыны неміс басқыншыларымен сыбайлас болды деген желеумен сотқа тартқан еді. Жұртшылық сот ісінің материалдарымен 1990 жылы ғана Ресейлік тарихшы Борис Соколовтың табандылығы арқасында таныса алды. Белгілі болғанындай, панфиловшылар туралы аңыз түбірінен шындыққа жанаспайтын болып шықты. Шындыққа сайсақ, ұрыс алаңында болған жаынгерлердің саны – 28 емес, 140 адам болған. Қиратылған неміс танкілерінің саны да бірнеше есе үлкейтіліп көрсетілген. Дубосекова бірнеше сағаттың ішінде немістердің қолында қаған. Соғыстан аман шыққандар болған, бірақ, олардың тірі қалуы, сол тұстағы панфиловшылардың ерлігі

туралы аңызды жоққа шығаратындықтан ол жабулы күйінде қалған. Олардың соғыс майданынан тірі шығуын жариялаған күннің өзі кеңестік жазалаушы орындардың қанды құрығына ілініп, сатқын ретінде тұтқындалуы мүмкін еді. Не керек, шындықтың бұрмалануы шын мәніндегі құбыжық кейпінде болған. Ал оның бұрмалануына жол берген сол тұстағы абстрактылы «насихаттық машинада» емес, жекелеген жауапты тұлғалар: «Красная звезда» газетінің тілшісі В.Коротеев пен осы газеттің бас редакторы генерал-майор Д.Ортенберг те жатқан еді. Алғашқы шатасу осыдан басталды.



28 санының құпиясы...

1941 жылғы 23-24 қарашада «Красная звезда» газетінің журналисі В.Коротеев жанына «Комсомольская правда» газетінің тілшісін ертіп, 16-шы армияның штабында болып, армия қолбасшысы генерал-лейтенант Рокоссовскиймен әңгімелеседі. Әңгіме ауаны Отан қорғаушылардың ерлік-істері туралы болады. Журналистерге тура ұрыс даласындағы қорғаныс бекеттерінен репортаж жазу ұсынылады. Бірақ, оларды алдыңғы лекке жібермейді. Сондықтан олар өзгелердің, яғни, «екінші қолдан» өткен әсіре айтылған әңгімелерге қанағаттануына тура келеді. Армия штабында журналистер дивизия комиссары Егоровпен кездеседі. Комиссар неміс

танкілерімен болған ұрыста жанқиярлық ерлік көрсеткен бір рота жауынгерлері туралы жазу қажеттігін өтінеді. Әйтсе де, комиссар ротада қанша жауынгердің бар екенін нақты білмейтін болып шығады. Бірақ, екі жауынгердің сатқын болып шыққанын әңгіме арасында қыстырып өтеді. Кешкілік редакцияда мақала дайындау барысында ротада 30 жауынгердің болғандығын оның 2-нің сатқын болғанда, қатарда 28 жауынгердің қалғандығын қарапайым арифметикалық тәсілмен шығара салады. 28 санының шығу тарихы осыдан басталады. Оның үстіне газеттің кезекті санын 28 қараша шығару жоспарланады. Мұның өзі жазылған мақалаға тақырып қоюда да таптырмас олжа болып табылады. Алайда, редактор да, мақаланы жазған автор да, оның болашақ тағдырының неге әкеліп соғатынын білмейтін еді. Ертеңіне, 28 қарашада «Красная звезда» газетінде «Ерлікпен қаза тапқан 28 батырдың аманаты» атты бас мақала жарық көреді. Оны әдеби хатшы Кривицкий жазады. Бас мақалада 28 батырдың аты-жөндері көрсетілмейді. Мақала жарық көргеннен кейін олардың бәріне Кеңес Одағының батыры атағы беріледі. Шын мәнінде 28 батыр туралы жазылған осы мақала майдан даласындағы барлық жауынгерлердің рухын көтереді. Сталинград пен Курск доғасында болған ұрыста жауынгерлердің мобилизациялық іс-қимылы айрықша көрініс береді.

Осыдан соң, панфиловшылар тақырыбы бүкіл майдан даласында ерекше танымалдылыққа ие болады. Алғашқы мақаладан соң, панфиловшылардың ерлігі туралы газетте тағы бірнеше очерк жарық көреді. Коротеев бұл тақырыпқа алғашқы мақаласынан соң, қайта оралмайды. Панфиловшылар тарихына табан тіреген журналист Кривицкий болды. Панфиловшылардың жанқиярлық ерлігі туралы аңыз Бас қолбасшы Сталинге ұнаған соң, олардың 28-не де Кеңес Одағының батыры атағы беріледі. Бұл жердегі мәселе мақаланың кімге ұнағанында болып тұрған сияқты.

Сонымен, Дубосекова разьезінде не болып еді? Тарихшылардың зерттеуі бойынша панфиловшылар дивизиясы шын мәнінде Мәскеу түбінде ұлы ерліктің үлгісін көрсетіп, ішкі күштерден қосымша әскер келіп жеткенше 4 сағат бойы жау танкілерінің жолын бөгеген. Алайда, атақ-даңққа 316-атқыштар дивизиясының 1075-полкіне қарасты 4-рота ғана емес, барлық батальон ие болған. Шешуші сәтте 4 рота жауынгерлері қолдарында бар 2 танкіге қарсы қарумен жаудың бетін қайтаруы үлкен ерлік еді.

Тергеу материалдары көрсеткендей, 1941 жылы 16 қарашада рота қорғанысқа тіпті де дайын болмаған. Қарсы шабуылға шығатын сәтте немістер шабуылды бірінші болып бастап жіберген. Ұрыстан аман шыққандар ең біріншіден, жаудың әскери құрамы және танкілердің жанында жаяу әскерлер құрамы болған, болмағаны туралы нақты мәлімет беруі тиіс болған. Қазір осы мәселе оқиғаны зерттеушілердің бас ауруына айналып отыр.

Жалпы, ұрыс алаңына фашистердің 20-дан 70-ке, дейін ауыр танкілері шығарылған көрінеді. Ол-ол ма, күні бүгінге дейін ұрыс алаңында панфиловшылардың командирі кім болған деген сұрақтың айналасында да

айтыс өршіп тұр. Кейбір мәліметтер бойынша жауынгерлерге басшылық жасау взвод командирінің көмекшісі Иван Добробабинге жүктелген. Ол ауыр жарақат алған соң, рота командирі Гундиловичтің тапсырмасымен жауынгерлерге басшылық ету саяси жетекші Клочковқа бұйырылған.

Панфиловшылар қорғаған бекініске алғашқы шабуылда жаудың 5-6 танкісі ғана шыққан. (20 танкі деп айтылып жүрген әңгіме осы жерде болған соғыстағы бір полктің қару-жарағының жалпы жиынтық саны болған). Иван Добробабин басқарған екінші взвод жауынгерлері танкінің біреуінің көзін жойып жіберген. Немістер алғашқы шабуылында-ақ, 5-6 танкісінен айрылып, кейін шегінуге мәжбүр болған. Екінші кезекті шабуылға жау әскері 15-20 танкімен шыққан. Ұрыс 40 минутқа созылып, ол панфиловшылардың жеңісімен аяқталған. Неміс фашистері ұрыс майданында 15 ауыр машинасынан айрылған. Кейін оған 3 танкі қосылып, бас-аяғы 18 танкіге жеткізілген. Бұл ерлік 4 ротаның есебіне жазылған. Соғысқа кірер алдындағы есепте ротада 120-140 жауынгер болса, ұрыстан кейін одан бірнеше адам ғана тірі қалған. Араларында қолға түскендері де бар.

Шындығына келгенде, алғашқы ресми хабарламаларда барлық 28 панфиловшы ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты делінді. Бұл шын мәнінде асығыс жасалған шешім еді. Барлық адасу да, кейін тірі қалғандардың азап шегуі де осы мәліметтен басталған.

Шырғалаң тұсауындағы тағдырлар

Ұрыстан кейін немістердің жерлеу командасы майдан даласын аралап жүріп, ес-түсінен айрылған И.Шадрин мен Д.Тимофеевті тұтқынға алған. Ауыр жаралы И.Натаров пен И.Васильевті жергілікті тұрғындар дәрігерлік емдеу бөліміне жекізген. Ал Г.Шемякин әлсін-әлсін есін жоғалтып, жер бауырлаған күйі орманға жетіп, әлсіз жатқан жерінен генерал Доватордың жауынгерлері тауып алған. Бұлардан өзге тағы екі жауынгер И.Добробабин мен А.Кожубергенов тірі қалған. Олардың көбісі қажетті ем-домын алып, қайтадан жауға қарсы соғысқа қатысады. Қолға түскен И.Шадрин мен Д.Тимофеев кеңес әскерлері келіп азат еткенше, әскери тұтқындар лагерінде жасырын күрес жүргізеді. Кейін Г.Шемякинге, И.Васильев пен Шадринге және Д.Тимофеевке Кеңес Одағының батыры атағы беріледі. Д.Тимофеев денсаулығына байланысты наградасын өз қолымен ала алмай, 1947 жылы дүниеден өтеді.

Тірі қалған панфиловшы батырлардың өмір жолдары әртүрлі бағытта өрбиді. И.Натаров ауыр жарақаттан дәрігерлік бөлімшеде қаза табады. И.Васильев пен Г.Шемякин әскери госпитальдан шыққан бойда, ал И.Шадрин мен Д.Тимофеев кейінірек жауапқа тартылып адам басына бермес, азапты күндерді өткізулеріне тура келеді. Әсіресе, И.Добробабин мен Д.Кожубергеновтің өмір тағдырлары өте аянышты болады. Д.Кожубергенов саяси жетекші В.Клочковтың байланысшысы болатын. Ол да соғыста есінен

айрылып, немістердің қолына түсіп қалады да, бірнеше сағаттан кейін есін жиып, қашып шығып Доватордың атты әскерлерімен қоршауды бұзып өтеді. Осыдан соң өзінің өлілер қатарында тізімде жүргенін оқып, панфиловшылар қатарында өзінің тірі екенін айтып, мәлімдеме жасайды. Алайда, ол марапатталудың орнына тұтқындалады. Тергеуші Соловейчик тапаншаның ұңғысын маңдайына тіреп қойып, өзінің «өтірік» айтқанын мойындатады. Осыдан соң Д.Кожубергенов майданға жіберіліп, Ржев түбінде ауыр жарақаттанып, әскерден босатылады. Майдан даласынан Алматыға оралады. Оқиғаның келешегінен секем алған билік буындары батырлардың тізіміне өз түзетулерін енгізеді. Осылайша Даниил Александрович Кожубергеновтың орнына жаңадан Асқар Қожабергенов деген белгісіз адам пайда болады. Оған жаңадан өмірбаян беттері толтырылады. Өзіңнің кім екеніңді дәлелдей алмаудан артық өмірде қандай ақырет бар?! Панфиловшы нағыз батыр, осылайша қолдан жасалған өмірбаянмен 1976 жылы ақыреттік сапарға аттанып кетті. Ол осы күнге дейін саяси тұрғыда да ақталған жоқ және ресми түрде мойындалған емес. Ақыретке ақтығыңмен кеткенге не жетсін. Қазақстандық соғыс ардагерлері ұйымы тиісті орындар алдына осы мәселені қоюды қолға алса, дұрыс болар еді.

Иван Добробабин ұрыс кезінде алған ауыр жарақаттан есінен танып, топырақ үйіндісінің астында қалады. Түн ортасында есін жинаған күйі етпеттен жүріп, орманға жетеді. Өз жауынгерімізді іздеп, таяу маңдағы селоға келген бетінде неміс әскерлерінің қолына түседі. Немістер оны Можайск лагеріне жібереді. Лагерь көшірілгенде жолай пойыздан секіріп қашып, Украинаның Перекоп селосына барып жасырынады. Осында үстінен біреулер шағым түсіріп, ол Левандалов лагеріне жіберіледі. 1942 жылы Германияға қара жұмысқа кеңес адамдары алынып жатқанда Иван Добробабинге осындағы таныстары полицайға қызмет істеуге үгіттейді. Бұл оны Германиядан алып қалудың амалы болады. 1943 жылы немістер кейін шегінгенде Добробабин кеңес жауынгерлеріне қосылады. Жергілікті әскери комиссариатқа келіп, өзінің басынан өткен оқиғаларын бүкпесіз айтып береді. Ұзақ тексерістен кейін оның жасаған әрекеттерінде сатқындық белгілерінің жоқ екені айқындалып, Добробабин сержант атағымен 297-ші дивизияның 1055-ші полкіне әскерге алынады. Майданда бірнеше рет ерлігімен көзге түсіп, Даңқ орденімен марапатталады. Алайда, 2-ші Украина майданы қарсы барлау басқармасы бастығының Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы ұсынысы қолдау таппайды.

Добробабин соғысқа дейін өзі тұрған Қырғызстанның Токмақ қаласына келіп қоныстанады. Бұл жерде оған көше аты беріліп, бойымен тұтас биіктігі 6 метр ескеркіш қойылады. Алайда, тірі батыр ешкімге керек болмай қалады. Себебі, кезінде Добробабиннің «неміс полицайларына қызмет еткендігі» ескеріліп, 1948 жылы «Отанға сатқын жасағаны үшін» деген баппен, 25 жылға бас бостандығынан айрылады. Сот Харьков қаласында өтеді. Оған

жанында тұрған Перекоп селосынан куэгерлер шақырылмайды, қорғаушы да берілмейді.

Панфиловшы батыр осылайша 7 жыл түрмеде отырып, мерзімінен бұрын босатылады. Осы жылдар ішінде ол барлық атақ-даңқтарынан айрылады. Аты-жөні ес-түссіз жоғалғандар қатарына ендіріліп, оның ерлігін еш жерде атамауға қатаң тыйым салынады. 1960 жылы ресми түрде Добробабин туралы ауызға алмау туралы шешім қабылданады. Тоқмақ қаласында орнатылған ескерткіштегі Добробабиннің басы алынып, оның орнына ұрыста қаза тапқан келесі бір панфиловшы-батыр Дүйшенқұл Шопоковтың басының сұлбасы қойылады. Кесілген бас мүсінінінде мойынға салған арқанның ізі қалғандай кейіп танытып, ол қоғам тарапынан үлкен наразылық тудырады. Осыдан кейін ол ескерткіш түбіренінен қопарылып тасталынады. Бұдан артық қорлау бола ма!? Ескерткіш Добробабинге 1943 жылы тұрғызылған болатын. Ол туралы 1943 жылы 19 қыркүйектегі Республикалық «Советтік Қырғызстан» газетінде: «Батыр панфиловшыға арналған ескерткіш» атты арнайы мақала басылады.

1993 жылы көптен күткен әділет салтанат құрады. Украинаның Жоғарғы соты Иван Добробабиннің соғыс кезіндегі іс-қимылында қылмыс құрамының жоқтығын анықтап, оны ақтап шығады. 1996 жылы КСРО халық депутаттары съезінің тұрақты Президиумы Иван Добробабинге берілген Кеңес Одағының батыры атағын қайта қалпына келтіріп, марапаттық наградаларын қайтып береді. Әрине, бұл кезде панфиловшы-батыр дүниеден өтіп кеткен еді.

Біз панфиловшылар туралы әңгімемізді осы жерден тұйықтасақ та болар еді. Бірақ, бұл жерде түсінбестік бір мәселе бар. Бар мәселе – от пен оқтан аман қалған батырларға жасалған ар сотының асығыстығы мен шалалығында болып тұр. Егер оның мәнін ашпасақ, біздің мақаламыздың да маңызы жоқ болар еді. Сонымен ар сотын кім жүргізді оның мақсат-міндеттері нені көздеді. Жалпы, оның қоламтасын кім қопсытып жүр? Енді сол туралы тоқталып өтсек.

Тергеушілердің іздегені не еді?

Өмірде көп нәрсенің сырты ішіне сай келмейді. Сырты бүтін жанның іші түтін болып шыққанда қуаныш торығуға ауысады. Ал жалғандық өзінің тұрпайы айқайымен ақымақтарды еліктіре отырып, әрдайым алдымен шауып келеді. Кезінде Александр Македонский дауласушыларды тыңдау кезінде алғашқы шағым айтушынының айтқандарын бір құлағын жауып тыңдап, екінші құлағын оның қарсыласының дәлелдеріне сақтайды екен. Өттең, сол тәртіптің сақталмағанын дерсің! Енді қарап көріңіз.

1948 жылы КСРО-ның әскери бас прокуроры Н.Афанасьев тосыннан 28 панфиловшы-жауынгерлердің алтауы тірі қалғанын, олардың төртеуі жау тұтқынында болғанын біреулерден есітіп қалады. Бұрын-соңды есітпеген бұл тосын жағдайға таң қалған прокурор: «Олар қалай тұтқында болған? Сонда

олардың батырлығы қандай дәрежеде? Демек, бұл ерлік жалған болғаны ғой...» деп бұлқан-талқаны шығып, оның ақ-қарасын ашуға арнайы шешім жасайды. Асығыс-үсігіс құрылған әскери комиссия 8-ші гвардиялық панфиловшылар дивизиясын тексеріске алады. Араға көп уақыт салмай, даңқты дивизияның ерлік-істерін насихаттауға араласқан адамдардың ұзын-сонар тізімі жасалады. Тергеуге алғашқылардың бірі болып «Красная звезда» газетінің бас редакторы, генерал-майор Д.Ортенберг, журналистер А.Кривицкий, В.Чернышев, В.Коротеев тартылады. Бұл қатарға 1075-ші атқыштар полкінің командирі полковник И.Капров пен полктың комиссары, аға политрук А.Мұхамедияров қосылады.

Алғашқы топ, ішінара өз жазғандары мен есіткен әңгімелерінен бас тартпайды. Тергеу кезінде Кривицкий мен Коротеев өз мақалаларын қаза тапқандардың майдандас достарының ауызша айтқан әңгімелерінің және әскери журналистердің айтқандарының негізінде жазғандарын айтады. Ал соңғы әскери екі қызметкер бірауыздан: "1941 жылдың 16 қарашасында Дубосекова разъезінде 28 панфиловшылардың фашист танкілерімен ешқандай ұрысы болған жоқ. Бұл тұтастай ойдан шығарылған» аңыз деп жауап береді. Бұл мәлімдеме әскери прокурорлық комиссия мүшелерін қанағаттандырады. Оларға керегі де сол болады.

Әрине, бұл жерде олардың қандай жағдайда жауап алғандығы ешкімді де ойландырмайды. Әйтсе де, олардың екеуі де ұрыс кезінде полктың оң қапталымен бірге жаңа қорғаныс шебіне шегінгені рас болатын. Тергеу барысында командир мен саяси жетекші өздерінің шегінгенін неміс жауынгерлерінің техника бойынша күшті қаруланғанын алға тартуы ақталуға дәлел болмайтын еді. Полктың бұл шегінуі Капров пен Мұхамедияровтың басшылығымен 1941 жылғы желтоқсан айының алғашқы күндеріне дейін жалғасқан көрінеді. Ұрыс қимылдарына сауатсыз басшылық жасағаны үшін Капров пен Мұхамедияров полкты басқару ісінен босатылып, оларға қатаң әскери санкциялар қаупі де төнген екен. Олардың жоғарыдағыдай мәлімдеме жасауының да әсері осы болса керек. Бұл жерде қорқыту, үркіту синдромының болғаны анық көрініп тұр.

Комиссия полк командирі мен саяси комиссардың көрсеткендерін тірі қалған панфиловшы батырларды қуғындау кезінде негізге алғаны іс барысында байқалып қалады.

Бұл іс одан да әрі насырға шабарма еді, кім білген?! Әскери прокуратура дайындаған панфиловшылардың ісімен бүге-шігесіне дейін танысқан Орталық комитет хатшысы А.Жданов тергеу материалдары асығыс жүргізілгенін, бәрінің бір жақты қаралау көзқарасымен жазылғанын, сондықтан аталған істің әрі қарай өндіріске алынбай, оның арнайы сақтау орнына жіберілуіне тәртіп соғуы мәселеге нүкте қояды. Міне, бар ақиқат осы!

Комиссар Ахметжан Мұхамедияров кім?

Әскери прокурордың кезекті бір саяси қудалаудың аранын ашып жіберу жолындағы көрсоқырлық «бастамасы» тас-талқан болғаннан кейін жоғарыдағы полк командирі мен комиссардың 28 панфиловшылардың ерлігін қайтадан жаңа күшпен аспандата бастауын қалай түсінеміз?

Иә, босанарын біліп тұрып, байлауға түскен батылдыққа жатпайды дегенде осыны айтсақ керек...

Жалпы, панфиловшылар полкының комиссары болған Ахметжан Мұхамедияров кім? Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге келген жерлесімізді кезінде дивизия командирі И.Панфилов өз қалауымен полк комиссары етіп тағайындапты. Ақтөбе қалалық комсомол комитетінің хатшысы, Орта Азияда басмашылармен соғыста көзге түскен. Екі рет ауыр жарақаттанған. Ленин, екі рет Жауынгерлік Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

Соғыстан кейінгі жылдары Челябинск қаласында әскери қызметте болып, 1957 жылы отставкаге шыққан. Өмір қағидасында белсенді позиция ұстанып келген Ахметжан Мұхамедияров отставкаге шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстардан тысқары қалған емес. Челябинск қалалық партия, комсомол ардагерлері кеңесінің төрағасы болып ұзақ жылдар қызмет атқарды. Бұл панфиловшылар арасындағы жаңа есім болғандықтан оған айрықша тоқталып отырмыз.

Мезгіл мінберіне қарай бір адамды жерге тыққанша адам алғысыз етіп жамандай беруге болмас. Кейде адам өзгелерге жақпайтын істі мәжбүрлеу арқылы, төбесінен тамшылап тұрған бір үрмек судың астында тұрып та айқайлап айтуға бейіл болады. Ал енді осы бір саяси комиссардың бір ауыз сөзі политрук В. Ключковтың тағдырының оң шешім табуына ықпал етуі бұрын-соңды айтылмай келді. Ол туралы журналист Кривицкий Ахметжан Мұхамедияровпен екеуара сөйлесе отырып, танымдық очерк жазғаны бар. Оқиға былай болған еді: ...Соғыстың бастапқы күндерінде немістердің ақпараттық-насихаттық идеологиясы әуеден түрлі прокламациялар, кеңес армиясын жамандаған листовкалар тастауды дәстүрге айналдырады. Әскери басшылықтың бұйрығымен ол листовкаларды оқуға тыйым салынып, оларды жинап, саяси бөлімге тапсыру туралы ұйғарым шығарылған болатын. Осы бұйрық саяси жетекші Ключковтың тарапынан бақыланбай қалады. Бұл –жанып тұрған әскери ЧП. Қырағылықты сақтамағаны үшін саяси жетекші қатаң жауапқа тартылуы тиіс. Егер бұл мәселе ушығып, партия комитетінің бюросында қаралса, Ключковтың басынан сипамасы анық еді. Бюро алдындағы тыңдауда полктың саяси комиссары Ахметжан Мұхамедияров бар жауапкершілікті мойнына алып, Ключковты қорғап шығады. Ол ол ма, Ключковты жауынгерлердің саяси рухын көтерудегі ерлігін ескеріп, оны «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденіне ұсынады. Комиссар осы арқылы Ключковтың жеке ісінің қаралуына жол бермей, оның ұлы ерлік жасауына жол ашады. Бұл біз білмейтін екінші сыр еді.

Ахметжан Мұхамедияров – 1979 жылы Челябинск қаласында дүниесі ашады, осы қалада құрметпен жерленеді.

PS: Иә, біз өз зерттеуімізді соңғы кездері 28 панфиловшы батырлар туралы Ресей БАҚ-тарында қаулап кеткен түрлі өсек аяңдарға тосқауыл қою үшін жүргізген болдық. Жалпы, ақиқат шын айтыста туындайды. Алайда, біз жалғыз емес екенбіз. Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты Владимир Мединский кезінде Мәскеуді қорғап қалған 28 панфиловшыларға, олардың нақты санына шек келтірудің қажеті жоқ екенін дәлелдеу үшін itogi.ru сайтына өз пікірін ашына жеткізген болатын. Депутат өз ойын: «Егер бір грек азаматына «300 спартандықтың ерлігі дегеніміз – әншейін миф ғана деп» айтып көріңізші, ол сол мезетте-ақ, сенің тұмсығыңды бұзады» – деп қорытындылапты.

Задында адам баласы жек көруден гөрі сыпайылықпен көбірек кек алады екен. Жауы туралы жақсы сөз айтатын адам кез келген мақтаудан жоғары тұрады, жалақордан өзінің айбыны мен ерлігі арқылы кек алады, осы қасиеттер күншілдікті де жеңіп шығады. Өйткені, әр қуаныш ашу-ызаның алқымын тұншықтыра түседі. Ол сен үшін жұмақ, қарсыласың үшін тозақ отын тудырады. Даңқ біреуге мәңгілік абырой-атақ сыйласа, біреуге күншілдік тұзағында тұншығуды жазады. 28 батырдың ерлік ісі осының бәріне жауап береді.

9 мамыр – Жеңіс күні

**Шындық бөлшектенбейді
немесе 28 панфиловшылар туралы өсек пен ақиқат**

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

Биыл – Екінші дүниежүзілік соғыстың шындығы ашылатын жыл. Одақтастар фашистік Германияны тізе бүктіргеннен кейін оның шындығын ашуды 2017 жылдың еншісіне қалдыруды ұйғарым жасаған көрінеді. Демек, шындық енді ашылады.

Қазіргі таңда соғыс ардагерлерінің қатары азайып барады. Біз сол жандардың және тыл еңбеккерлерінің алдында әлі де қарыздармыз. Себебі, ел үшін жанын берген қарттарымыздың алдындағы перзенттік қарызымыз бен парызымызды ешқашан санамыздан шығармаған да ғана біз мақсатымызға жетеміз.

Елінің еркіндігі, жерінің азаттығы жолында жасалған ерлік өмірге өнеге, ұрпаққа ұлағат екені айқын. Ал адамзатты фашистік езгінің қыл буғауынан құтқарған ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өшпес ерлігі мәңгілік тағзымға лайық.

Қазақстандықтар өз өмірін бостандық пен тәуелсіздік үшін қиған қаһармандардың барлығының ерлігін жадында сақтап келеді. Аталар мен әкелердің жауынгерлік наградалары қазақстандық отбасылар үшін баға жетпес құндылық. Біздің күнтізбемізде Отан қорғаушы күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні мерекесінің қатар келуінің өзіндік символдық мәні бар.

Бұл біздің халқымыздың барлық буынының даңқты жауынгерлік дәстүрі сабақтастығын көрсетеді, деген болатын Қазақстан Президенті. Екінші дүниежүзілік соғыста 70 миллионға жуық адам қаза тапты, кешегі Кеңес Одағы құрамындағы халықтар 27 миллион боздағынан айырылды. Неміс фашистеріне қарсы 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыстағы Ұлы Жеңіске – 72 жыл толып отыр.

Соғыстың болғаны – ақиқат. Ал оның шындығын бұрмалау – қиянат. Біз сол қиянатқа қарсы тағы бір ақиқатты ұсынуды жөн көрдік. Себебі, ақиқат шын айтыста туады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс танкілеріне қарсы кеудесін оққа төсеп, Мәскеуді қорғаған 28 панфиловшылардың ерлігі жайлы талай айтылды. Бірақ, бір тоқтам жоқ. Өткенде 28 панфиловшылардың ерлігін журналистер ойдан шығарған деген пікір қылаң беріп қалды. Мұндай құжатты өткен жылы 7 шілде күні Ресейдің Мемлекеттік мұрағаты жариялады.

28 панфиловшылардың ерлігінің аңыз екенін 1947 жылы КСРО әскери прокуратурасы делелдепті. 1948 жылы мамыр айында әзірленген баяндамада КСРО-ның әскери прокуратурасы бұл оқиғаның шындыққа жанаспайтынын, оны «Қызыл жұлдыз» (Красная звезда) газетінің қызметкерлері ойдан шығарып алған деген мәлімет таратылған.

Волоколамск қаласының, Дувасекьова разьрезі, Нелидова селосында болғанымызда шешуші соғыстың осы маңда болғанын және жергілікті халықтың өз батырларына құрметінің зор екенін байқадық. Енді осы жөнінде тоқтала кетсек. Себебі, атақты панфиловшылар соғысқан Панфилов дивизиясы, сонау 1941 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде екі айдан астам уақыт бойы Волоколамск тас жолы бағытында өздерінен күші әлдеқайда басым жаудың танк және жаяу әскерлерінің бетін тойтарған. Бұл – тарихи ақиқат.

Қалай десек те, Панфилов дивизиясының Ұлы Отан соғысындағы орны мен рөлін ешкім төмендете алмайды. Өйткені, оның құрамында соғыстың сұрапыл кезеңінде қазақстандық және қырғызстандық жауынгерлер мен бірге ресейліктер тізе қосып гитлершілерге қарсы соққы берген.

Панфиловшылардың ерліктерін еске түсіретін ескерткіштерді тек жоғарыдағы аты аталған Волоколамск қаласынан ғана емес, сонымен бірге ТМД елдерінің кез келген жерінен кездестіре аласыз. Өткен жылы Ресейдің Орынбор аймағында осы оқиғаны еске алу акциясы болып өтті.

Ерліктің аты – қашан да ерлік. Ол – шекара таңдамайды, жынысқа, ұлт пен ұлысқа бөлінбейді. Ал оның тәлімі ұрпақтан – ұрпаққа тасымалданады.

Жоғарыдағы акцияға «Еуразия халықтары достастығы» ұйымы бастамашы болған. Патриоттық шараға Ресейдің Мәскеу, Челябині, Уфа, Орынбор қалаларынан, Қазақстан мен Қырғызстаннан келген қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері белсене қатынасқан.

Шара – Мәскеу түбіндегі ұрыстардың 75 жылдығына арналып, ол «Біз миллиондаған панфиловшылармыз» деген тақырып аясында өткен. Еске алу вахтасы Панфиловшылардың ерлігін дәріптеген.

Аты аңызға айналған Панфилов дивизиясы ел басына күн туған сындарлы сәтте Қазақстан мен Қырғызстан жауынгерлерінен жасақталды.

Жеңіс – адам жүрегін қуанышқа бөлеп, жігерін жасынға жанитын күдіретті жойқын күш. Жеңіс дегенде тұла бойыңа мақтаныштың сезімі ұяламайтын адам жоқ шығар. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлы Жеңістің орны ерекше. Сол бір ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары елін жаудан қорғаған ерлердің ерлік істері жыл сайын осы Ұлы Жеңіс күнінде санамызда қайта жаңғыратыны бар.

Соғыстан кейінгі жылдары кейбір жекелеген жазушылар панфиловшы 28 батырдың ерлігіне күмән келтіруге тырысып, алуан түрлі қауесеттер таратып бақты. Деректердің, құжаттар мен сенімді куәгерлердің қысымымен сол кездері Дубосеково разъезі түбіндегі ұрыстарға қатысып тірі қалған бірнеше жауынгер өздеріне ыңғайлы уақыт пен сәтті күтіп, үн қатуға асықпады. Уақыт өте келе оған қарсы өз дәлелдерін айтып, ақиқатты түбірінен қозғаушылар да табылды. Солардың бірі – Георгий Александрович Куманев. Ол – кеңестік және ресейлік тарихшы. Ұлы Отан соғысының тарихы саласының маманы, Ресей Әскери тарихы орталығының жетекшісі, Ресей Ғылым академиясының академигі.

Жалпы, оқиға қалай болған? Академиктің осы туралы айтқанына құлақ түрейік. «Ерлікті теріске шығарғысы келетіндердің маңызды уәжі төмендегідей: қатардағы жауынгер И.М.Натаров «Красная Звезда» газетінің тілшісі А.Ю.Кривицкийге Дубосеково разъезіндегі ұрыстар туралы өзі сонда болмаса да, өйткені, ол 14 қарашада ұрыс даласында қаза тапқан, алғаш айтып беріпті. Сондықтан А.Ю.Кривицкийдің ұрыстан кейін онымен кездесуі еш мүмкін емес еді. Ал осы себепті ержүрек 28 гвардияшының ерліктері туралы әңгіменің бәрі белгілі журналистің ойдан шығарылған нәрсесі.

Түрлі уақыттарда қызмет іссапарларымен Алматыда, Цимлянскіде және Кемеровода болған кездерімде мен осы өңірлерде тұрған 28 панфиловшының бесеуімен кездестім. Олар Д.А.Қожабергенов, Г.М.Шемякин, И.Д.Шадрин, И.Е.Добробабин және И.Р.Васильев. Олардың әрқайсысымен әңгіме өзінше танымды және қызықты еді. Барлығы да қатардағы жауынгерлер Д.А.Қожабергенов пен И.М.Натаровтың ұрыстарға белсене қатысқанын қуаттап берді («Кеңес Одағының Батырлары» екі томдық анықтамалығының екінші томының (М., 1988) 142-ші бетінде 1075-ші атқыштар полкының

жауынгері, қатардағы гвардия жауынгері Натаров Иван Моисеевич 16.11.1941 ж. Дубосеково түбіндегі ұрыста қаза тапты), сондай-ақ, тағдыршешті ұрыстардың кейбір құнды мәліметтері туралы хабарлады.

Прокурорлық комиссияның А.Ю.Кривицкийден қандай мәліметке қол жеткізгені туралы білу де қызықты көрінеді. Жеңістің 30 жылдығы қарсаңындағы кездесулеріміздің бірінде Александр Юрьевич оны прокурордың командасының тергеушілері қалайша тергегенін егжей-тегжей айтып берді. Тергеушілер өздеріне қажеттіге қалайда қол жеткізу мақсатында түрлі айлашарғыларға, тіпті, қорқытып-үркітуге дейін барған.

«Маған тікелей былай делінді, дейді Александр Юрьевич, егер мен Дубосеково түбіндегі ұрыстар туралы жазылған жайттар толықтай ойдан шығарылғанын мойындаудан бас тартсам, онда таяу уақытта Печора немесе Колыма аудандарынан бірақ шығамын. Және ешқашан кері оралмаймын. Ал ол жаққа баруға менің ешқандай құлқым жоқ еді. Жағдайдың ушығып бара жатқанын түсінген мен 28 батыр туралы жарияланымдарымның көпшілігі «әдеби тұрғыдан ойдан шығарылғанын» «мойындадым» (Автордың жеке архивінен).

«Комиссия шынында да қатерлі болатын, деп еске алады отставкадағы генерал-майор Д.И.Ортенберг. 28 батырдың ерлігі нақты деректерге негізделген ерлік. Бұл ерлік баршаның жүрек түкпіріндегіні қозғағанымен, тексерушілердің көңілінен шықпады. Әсіресе, тікелей: «Бас тарт!» деп талап етілген Кривицкийге таяқ қаттырақ тиді. Комиссияның сұрақтарына жауап бере отырып, мен 28 жауынгердің ерлігі – әлдекімнің аңызы немесе әдеби қиялы емес, керісінше, шынайы ақиқат екенін тікелей атап көрсеттім. Соған қарамастан, тергеушілердің шығарған қорытындылары менің айтқандарыма еш сәйкес келмеді (Автордың жеке архивінен).

Дүние бөлшектенбейді. Шындық одан да бетер бөлшектенбейді». (Егемен Қазақстан. 2019 жыл. 7 мамыр).

Панфиловшылар ерлігі негізінен Қазақстан мен Қырғызстанға және Ресейге ортақ болғандықтан бұдан кейінгі кезек осы аталған бауырлас мемлекеттердің иелігінде. Ал тұтастай алғанда «Біз – миллиондаған панфиловшылармыз!» халықаралық еске алу вахтасының қорытындысы Мәскеу облысының Нелидово селосындағы батыр панфиловшылар ескерткішінің түбінде түйінделген. Панфилов дивизиясының ақиқаты туралы Орынбордағы кешен жанында соғыс ардагері, осы дивизиясы қаһармандарының бірі, подполковник Иван Краснощеков былайша ой өрбіткен. Біз мұны оқиғаға қатысқан тірі куә ретінде беріп отырмыз.

«Мен, аты ұлы Отан соғысының жылнамасына алтын әріптермен жазылып қалған Панфилов дивизиясы құрамында болғанымды лайықты мақтаныш етемін. Еліміз үшін үлкен сын-қатер, бейнелеп айтқанда, қияметтің қыл көпірі болған айларда жасақталған дивизия қатарында жауынгерлік жолдарын Ресей халықтарымен байланыстыра білген Қазақстан мен Қырғызстанның сайыпқыран сарбаздарынан тұрды. Оны қалай ұмытарсың.

Олардың қай-қайсысы да дивизия құрамында аянбай шайқасты. 1941-1945 жылдар аралығында Орынбор облысының 91 азаматы ерлікпен қаза тапты. Кейбіреулері хабарсыз кетті. Мен 48 орынборлық жауынгердің Панфилов дивизиясы сапында жоғары жауынгерлік орден-медалдармен марапатталғанын сүйіспеншілік сезіммен еске аламын. Есіл ерлер еске түскенде көзге еріксіз жас келеді. Тұла бойың мен жүйке-жүйең босайды. Бүгінде солардың арасынан Панфилов дивизиясымен бірге ұрысқа қатысқандардан екеуміз ғана тіріміз. Мүмкін бұл да бір тағдырдың сыйы шығар».

Патриотизм мен өршіл рухқа толы ерлік ұзақ уақытқа дейін халық санасында жаңғырып тұрады. Аға ұрпақтың жауынгерлік ерліктері ешқашан да ұмытылмайды. Олардың есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді.

Ұлы Отан соғысы тарихының бірқатар беттері жалған мифтік деректер негізінде бұрмаланып айтылып, жазылып жүргеніне қарсылық білдірушілер өз арамызда да бар. Батыр панфиловшыларға қатысты тарихи шындықты бұра тарту көрінісі жиі кездеседі. Қоғамда бұл жан төзгісіз және кешірімсіз жайт деген ортақ ұйғарым да жасалды.

Панфилов дивизиясы батылдық пен батырлық көрсете білудің таптырмас үлгісі. Халықтардың жауынгерлік бауырластығының жарқын жылнамасы. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеу Көлбаев былайша ой өрбітеді: «Мәскеу үшін шайқаста генерал И.В.Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясының жауынгерлері мен офицерлері ерекше көзге түсті. Бұл көпұлтты дивизияның жауынгерлері 33 күн бойы Волоколамск бағытындағы маңызды шепті табандылықпен ұстап тұрды. Олар – танктермен арпалысып, тарихта теңдесі жоқ, ұрысқа қатысқан генерал Панфилов дивизиясының 28 гвардияшылары. Бұл қаһармандар ондаған неміс танкілері анталаған шепті қорғады. Гвардияшылар жаудың 18 танкісін қиратып, өздері де осы ұрыста ерлікпен мерт болды, бірақ бір адым да шегінген жоқ. Осы ерлердің ішінде орыстар, украиндар мен қазақтар бар».

Мұндай баға беруден генерал И. В. Панфиловтың немересі Алуа Байқадамова да қалыс қалмайды: «Мұндай анықтама болған, бізде де бар. Бұл анықтаманың қандай жағдайда алынғанын айту керек. Айрықша тапсырма бөлімінің (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) қызметкерлері анықтаманы өлім мен ату жазасын айтып, қорқыту арқылы алған болуы мүмкін. Олардың сілтеме жасап отырғаны: бір ғана мәлімдеме және Александр Кривицкийдің мойындауы. Білесіздер ме, оны шақырып алып, «ойдан шығардым деп жаз» деп қинаған, өйткені, олардың біреуі (Иван Добробабин – ред.) ату жазасына кесілейін деп тұрған еді» – дейді. Мінеі ақмқаттың ащы шындығы осыған саяды.

Волокаламск жотасында

2005 жылы бір топ Қазақстандық журналистер Ресейдің «РИА новости» агенттігінің ұйымдастыруымен екі апталық іс-сапармен Мәскеу қаласында болудың сәті түсті. Іс-сапар барысында агенттіктің жұмыс тәжірибесімен танысып, Ресей Мемлекеттік Думасында ТМД мемлекеттері қатынастары жөніндегі комитетте қабылдауда болуымызға тура келді. Біздің сапарымыз Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылғандықтан Ресейлік әріптестеріміз бізді Мәскеу тағдырында шешуші рөл атқарған Волокаламск қаласымен таныстыруды жөн көріпті. Волокаламск қаласы облыс орталығынан 119 шақырым қашықтықта орналасқан. Бағдарлама іс-шарасында қаламен танысу кестесі көрсетілсе де, уақыт өте келе түрлі себептер туындап, ол кейінге шегеріліп, жеме-жемге келгенде сапардың жолы болмай қалу қаупінен сақтанып күн ілгері ұйымдастырушыларды мазалай бердік. Біз үшін Мәскеуден гөрі қасіретті Волоколамск – Дубосеково ұрыс алаңдарын көру қымбаттырақ көрінді. Бұл жолға бәріміз үн-түнсіз жиналды.

Қалың орман ағаштарынан айнала көрінбейді. Іргетасы 1135 жылы қаланған Волоколамск қаласында сол кезде 40 мыңдай халық тұрады екен. Іргесіндегі елді-мекенді қосқанда бүкіл ауданда 120 мыңдай халық тұратын көрінеді. Шағын қаланың инфрақұрылымы дамудан кенжелеп қалғаны байқалды. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де кешегі қиын-қыстау кезеңдерден сыр шертетін көрікті ғимарат немесе тұлғалы ескерткіш бой көтермепті. Жергілікті билік ескі Храм мен шіркеу үйін көрсетуді құрмет санайтын көрінді.

Мына ұқсастыққа қараңыз. Кеңестік Қырғызстанның ең алғашқы әскери комиссары Иван Панфилов болса, Кеңес Үкіметі тарқар алдындағы осы Республика комиссары Владимир Карабанов болыпты. Сол В. Карабанов біз кегенде Волоколамск муниципальды ауданының басшысы екен.

Ел басына күн туған сұрапыл жылдарды еске алып, зиярат ететін көрікті мәдениет орнын аудан орталығынан көре алмадық. Жеңістің 60 жылдығын мерекелеу қарсаңында Қазақстан Үкіметінің бөлген қаржысына қала орталығында Кеңестер Одағының батырлары И.Панфилов пен Б. Момышұлына ескерткіш орнату қолға алыныпты. Оның өзі Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сол тұстағы Төтенше және өкілетті елшісі Қырымбек Көшербаевтың ұсынысы екені байқалды. Ескерткіш орнатылатын алаңды елшімен бірге көру бақыты бізге де бұйырды. Бірер күннен кейін белгіленген орында генерал Иван Панфилов пен Бауыржан Момышұлына ескерткіш ашылды. Ескерткіштің ашылу

салтанатына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Мәскеу облысының губернаторы Владимир Громов қатысыпты. Біз ол туралы хабарды екі күннен кейін есіттік.

Сол күні Волоколамск қаласында екі сағаттай болып, Дубосекова разъезіне жол тартып кеттік.

1975 жылы Дубосеково разъезінде Панфиловшылар құрметіне арналып мемориал салыныпты. Алып ескерткіштің айналасы атшаптырымдай әудем жерді алып жатыр екен. Салынғанына 30 жыл өтсе де бұл жердің айналасын гүл-баққа айналдырып, тағзым етер өзге де қосымша мәдени орындар салу қолға алынбаған. Жылына бір рет өткізілер сенбілік шеңберінде ескерткіш айналасын мектеп оқушылары тазартатын көрінеді. Мәскеу үшін болған кескілескен шайқаста Панфиловшыларға пана болған окопты аралап жүріп, батыр бауырларымызды еске алдық. Окоп бірнеше рет қайта қалпына келтіріліпті. Екі шақырым бойына ұзынша қазылған окоптардың тереңдігі белуардан келеді екен.

Уақытылы күтім жасалмағандықтан азып-тозған. Мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынбағандықтан бұл жерлерде күні кеше Отан үшін жанын қиған батырлар фашистермен аяусыз күрес жүргізді деуге ауыз бармайды. Батырлардың басқан ізін айғақтайтын ешбір белгі жоқ.

Волоколамск үшін болған шайқаста Панфилов дивизиясының 13,5 мың жауынгерінен 9 мың адам қаза тауыпты. Ал Волоколамскілік 12 мың жауынгердің 7 мыңы ұрыс алаңынан үйлеріне тірі оралмаған. Айнала қорымнан көз аштырмайды.

Жалпы, аудан бойынша 86 Бауырластар зираты бар екен. Панфиловшы батырлардың 22-сі Нелидово селосындағы Бауырластар зиратына жерленіпті. Село Дубосековадан бір жарым шақырым қашықтықта орналасқан. Зират селоның шетіне орналасқан екен. Айнала сұрқайы жалаң көрініс. Жергілікті басшылық пен халықтың еті үйреніп кеткен бе, зират маңы да күтусіз қалған, көгалдандыру жұмыстары көптен жүргізілмегені көрініп тұр. Ойпырмай, ең болмағанда басына мәңгілік алау отын орнатып, оны баяу маздатып қоюға болмас па екен дестік. Әрине, ол жер сауық-сайран құратын жер емес. Десек те, адамдардың өткенді еске алып, зиярат етіп кететін жері болғандықтан, ескерткіш айналасына отыратын орындықтар қойылғаны дұрыс болар еді.

1975 жылы негізгі ұрыс жүрген алаңда ақ граниттен «28-дің Ерлігі» атты тұтас мемориальдық алып ескерткіш тұрғызылған. Ескерткіштің еңсесі биік, сонадайдан көз тартады. Біз ескерткіш маңында болып, тағзым еттік. Биіктеу жотаға қойылған алты сұлбадан тұратын биіктігі 10 метрлік ескерткіш батырлық пен қайсарлықтың үлгісі дерсің.

28 панфиловшылар айналасындағы шындық ұзақ уақыт айтылмай келді. Олардың фашистердің 50 танкісіне қарсы тұрып, ерлікпен қаза тапқанының өзі бүкіл дивизияның ерлігіне жатқызылды. Панфиловшылар туралы кино түсірілгенде немістерге қарсы ұрыс кезінде окоптан қашып шыққан

жауынгерлердің бірін азиаттық ретінде бейнелеуге ұйғарым жасалуын қабылдай алмадық. Рас, панфиловшы жауынгерлердің басым бөлігі қазақстандықтар мен қырғыз азаматтарынан құралғаны анық. Олардың арасында екі жауынгердің немістердің қолына түскені де рас. Бірақ олардың екеуі де орыс ұлтының өкілдері болатын. Егер осы бейнелеу арқылы азиаттықтардың жанкешті ерлігін, патриоттық сезімін жоққа шығару қажет болса, басқа жолды іздегені абзал болар еді. Шындығына сайсақ, дивизия құрамы қазақтар мен қырғызстандық азаматтардан құралғаны жасырын емес-ті. Арға түскен дақтың зардабын көргендер де өзгелер болды.

Иә, шындық құнды десек те, оның бетін ұзақ уақыт жылы жауып келдік. Мәскеу түбіндегі шешуші шайқаста полк командирі Бауыржан Момышұлы жаумен отыз рет бетпе-бет келіп, бірнеше рет жау қоршауын бұзып шыққаны да жұрт көзінен тасада ұсталды.

Дубосековода болған ұрыста 28 панфиловшының ерлігі әлемге аңыз болып тарағанын жасыра алмайсың. Саяси жетекші Клочковтың: «Россия кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва!» деген жалынды сөзі бүкіл жауынгерлерге ұран болғаны да аян. Әйтсе де, сол сұрапыл сәтте Баукеңнің айтқан мына сөзі одан да құнды болса керек. Қорғаныс шебінің картасын алып келген штаб бастығына Баукең: «Арқамызда Москва тұрғанда, маған картаның қандай қажеті бар!» – деп оны қақ айырып, жанып тұрған отқа салып жіберген өжеттігін қалай ұмытармыз.

Нелидоводағы Бауырластар зиратындағы қара тақтадағы аттары жазылған жауынгерлердің біреуінің есімі боялып, өшіріліпті. Бақсақ, ол тұста Иван Добробабиннің есімі жазылған екен. Нелидово үшін болған ұрыста Добробабин контузия алып, жау қолына түсіп қалыпты. Бірақ кейін одан сытылып шыққан.

Ұзақ уақыт барлық 28 панфиловшы өлдіге саналып келді. Алайда олардың алтауы сол кезде тірі қалған еді. Шадрин, Тимофеев, Кожубергенов, Добробабин немістердің тұтқынына түсіп, кейін қашып шығыпты. Ал Ше-мякин мен Натаров орман ішіне жасырынып, генерал Доватордың әскеріне қосылыпты. Натаров әскери дәрігерлік бөлімде өліп бара жатып, журналист Кривицкийге панфиловшылардың ұрыс майданындағы теңдессіз ерлігін айтып беріпті. Сталиннің «Кеңес жауынгерлері еш уақытта тұтқынға берілмейді» деген жалғыз ауыз сөзі Васильевті, Шемякинді, Шадринді, Тимофеевті өздерін ұзақ уақыт қоғамнан тысқары ұстауына әкеліп соқтырды. Азапты күндерді бастан кешірген оларға кеш болса да Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Саяси жетекші Клочковтың байланысшысы болған Данил Кожубергеновтің өмірі қайғымен аяқталған. Соғыстан соң Алматыға келіп, пеш жағушы болып жұмыс істеген ол 1976 жылы ардақты есімін қайтара алмай өмірден өтті. Ал 28 батыр панфиловшылар тізіміне ойдан ұйымдастырылған Асқар Қожа-бергенов дегеннің есімі жазылған. Иван Добробабин соғыстан соң

25 жылға сотталып, халық жауы ретінде 1996 жылы өмірден өткен көрінеді.

Нелидово селосында 28 панфиловшыларға арналған мұражай бар екен. Аты бар демесең, ішкі-сыртқы болмысы мұражайдан хабар бермейді. Соғыс жылдарынан мағлұмат беретін нақты деректер мардымсыз. Мұражайға Бауыржан Момышұлының бірнеше кітабы мен жеке заттары қойылыпты. Қазақстандықтардың сыйға тартқан кәде-сый бұйымдары мен батырдың домбырасы ғана мұражайдан орын алған. Мұражай панфиловшы батырларға арналғандықтан оған сол батырлардың майдан даласынан жазған хаттары, суреттері, сол жылдары шыққан сарғайған майдандық газет тігінділері қойылған. Сондай-ақ, Панфилов, Клочков, Шадринге қатысты материалдарға да орын беріліпті. Мұнда өткен жылы қырғызстандық бауырларымыз болыпты. Біз Волокаламскіге келер алдында мемориаль мен мұражайда Қырғызстан президенті Асқар Ақаев болып, мұражайға ескерткіш ретінде Панфиловтың далалық сөмкесін тапсырыпты. Құрметті қонақтарға арналған кітапта соңғы жазуды Қазақстанның Ресейдегі елшісі Тайыр Мансұров қалдырған. Мұражайға телефон желісі де тартылмаған, факс, көшіру аппараты, компьютер деген атымен жоқ. Қызметтік құжаттардың бәрі өткен ғасырдың еншісінде қалған «Ятрань» қол машинасымен атқарылады екен. Ресейдің бас қаласынан небәрі 119 шақырым қашықтықта орналасқан Дубосеководағы өмір бізге бұйығы жатқан басқа әлем болып көрінді.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ.

АЛМАТЫ - МӘСКЕУ -ДУБОСЕКОВО – АЛМАТЫ.